**Бекітемін:__________** **Қысқа мерзімді жоспар** **Қазақ әдебиеті 1-сабақ.**

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | **І бөлім: «Атадан қалған асыл сөз»** | |
| **Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты :** | Өскенбаева Балнур | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 9** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Ж. Баласағұн «Құтты білік» дастаны | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | 9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау<br>9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау; | |
| **Сабақтың мақсаты** | Көркем шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасай алады.<br>Поэтикалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдай алады. | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі// уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басталуы<br>5 минут<br><br>5 минут<br><br>Сабақтың ортасы<br>10 минут | 1.Сәлемдесу<br>2. **Психологиялық ахуал**<br>**«Әдемі ойлай және демала біл» жаттығуы**<br>Оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлері айтылады.<br>Ой түрткі<br>1. Ел басқарған әкім болу үшін адам бойында қандай қасиеттер болу қажет деп ойлайсыңдар?<br>1-топ: Әділ болу үшін не істеу керек?<br>2-топ: Ақылды, зерек адам елді жалғыз өзі басқара ала ма?<br>3-топ: Қандай адамдар билік жүргізе алмайды?<br>**1-тапсырма:**<br>Ж.Баласағұнның «ақыл, білім, білік, дағды» ұғымдарына қандай анықтамалар бергенін жалғастырыңдар: | **Психологиялық ахуал**<br>**«Әдемі ойлай және демала біл» жаттығуы**<br>- Жүргізуші: «Толқыған кезде, асықпай дем алуға үйрен. Түзу отыр, қолдарыңды тізелеріңе салып, көздеріңді жұмыңдар, терең дем алыңдар:<br>- Ойша: «Мен арыстанмын»,- деп деміңді ішке ал, сыртқа шығар;<br>- Дауыстап: «Мен құспын»,- деп деміңді ішке ал, сыртқа шығар;<br>- Дауыстап: «Мен гүлмін»,- деп деміңді ішке ал, сыртқа шығар;<br>- Дауыстап: «Мен сабырлымын»,- деп деміңді шығар. Сен сабырлысың, сенің қолыңнан бәрі келеді<br><br>Ж.Баласағұнның «ақыл, білім, білік, дағды» ұғымдарына қандай анықтамалар бергенін жалғастырады. Сызбаны салыстырады. | Оқушылардың психологиялық ахуалы қалыптасады.<br><br>Талқылау кезінде оқушылардың айтылған пікірлері мен көзқарастары ***ауызша мадақтау*** арқылы бағаланып, сабақтың келесі кезеңінде белсенді қатысуына ынталандырады<br>*Жарайсың! Керемет шешім! Ойлы шешім! Мұндай ойлы пікірлерді ешқашан естімеппін!*<br><br>Дескриптор<br>Білім алушы<br>*-ақын ойын талдайды;*<br>*- достықты сипаттайды;*<br>*-ақыл-білім туралы ой айтады;*<br>*-шығарма сюжетіндегі тіл туралы ойды жазады.* | Оқулық 9-сынып «Атамұра» баспасы 2019жыл<br><br>Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы 9-сынып<br><br>Оқулық 9-сынып «Атамұра» баспасы 2019жыл |

| Білім | Білік | Дағды |
|---|---|---|
| «Білім – інжу, түбінде - анық, қойма сан»; «Ақыл- шырақ , қара түнді ашатын, білім – жарық, нұрын саған шашатын» ; «Білім – байлық , азаймас һәм жоғалмас, еш қарақшы, ұрыға да тоналмас! | «Ақыл қайда болса, ұлылық толады, білім кімде болса, сол білікті болады»; «Біліктіні тыңда, ақылдың бұлағы, білімді сөз –шырын, жанның құнары»; «Білік мәнін біл, не дейді білген ер: білім білсең, бәле жүрмес | «Білік берді – адам бүгін жетілді, ақыл берді- талай түйін шешілді»; «Оқу-тоқу берер – білім, парасат, оның бәрі ақыл емес, қарасақ». |

<table>
<tr>
<td>7 минут<br><br>10 минут<br><br>Сабақтың<br>аяқталуы<br>5 минут</td>
<td>
<table>
<tr><td>»</td><td>іргеден».</td><td></td></tr>
</table>

**2-тапсырма:**<br>
**Жұптық жұмыс:**<br>
Оқиғаның басталуы ______________<br>
Оқиғаның дамуы__________________<br>
Оқиғаның байланысуы ___________<br>
Оқиғаның шиеленісуі ___________<br>
Оқиғаның шарықтау шегі _______<br>
Оқиғаның шешімі _____________<br>
<br>
**3-тапсырма:**<br>
**Жеке жұмыс:**
<table>
<tr><td>Ж.Баласағұн ның адам бойындағы жағымды-жағымсыз қасиеттері туралы ойын жазыңыз.</td><td>Адал достық пен амал достық тың сипаты қандай ?</td><td>Ақыл-білім туралы не айтылды?</td><td>Тіл туралы не деді?</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>

1.Жүсіп Баласағұн жайлы не білесіңдер?<br>
2. «Құтты білік» шығармасының кейіпкерлері туралы не айтар едің?<br>
3. Құтты білік» шығармасы кімге арналған?<br>
4.Үзіндіде адамның қандай қасиеттері болады?<br>
**Үйге: 4 - тапсырма**<br>
<br>
**Ойтаразы**<br>
**Бас бармақ - басты мәселе.** Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды?<br>
**Балаң үйрек- бірлесу.** Мен топта / жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?<br>
**Ортан терек – ойлану.** Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?<br>
**Шылдыр шүмек- шынайылық.** Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?<br>
**Кішкене бөбек – көңіл күй ахуалы.** Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?
</td>
<td>Шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды<br><br>Сызбаны толтырады. Ақын ойын талдап көрсетеді. Достықты сипаттап, ақыл-білім туралы ой айтады.<br>*шығарма сюжетіндегі тіл туралы ойды жазады.*<br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Кері байланыс береді. Бүгінгі сабақта не үйренгендерін, топта қалай жұмыс жасағандарын, қандай білім алғандарын таразылайды.</td>
<td>Берілген тапсырмалар дың барлығын жетон арқылы бағалау<br><br></td>
<td></td>
</tr>
</table>

**Бекітемін:__________ Қысқа мерзімді жоспар Қазақ әдебиеті 2-сабақ**

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | **І бөлім: «Атадан қалған асыл сөз»** | |
| **Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты :** | Өскенбаева Балнур | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 9** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Ж. Баласағұн "Құтты білік". Үзінділермен жұмыс. | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | 9.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану<br>9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау; | |
| **Сабақтың мақсаты** | Көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдана алады. | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі// уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басталуы<br>6 минут<br><br>Сабақтың ортасы<br><br>10 минут<br><br>8 минут | 1. **Психологиялық ахуал «Амандасып алайық»**<br>**https://wordwall.net/ru/resource/53248984**<br><br>Оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлері айтылады.<br>**Ой түрткі**<br>Кейіпкерлер бойынан қандай қасиеттерді байқадың?<br>**Топтық жұмыс**<br>**Кейіпкер бойындағы басты қасиеттер мен олардың ұстанымдарын айтыңыз**<br>**1-топ:** Күнтуды<br>**2-топ**: Айтолды<br>**3-топ:** Өгдүлміш<br>**4-топ**: Одғұрмыш<br>**1-тапсырма**<br>**Жеке жұмыс**<br>Автордың тіл туралы ойларын, түсініктемесін оқи отырып, өз нұсқаңызды жазып көріңіз | **Психологиялық ахуал**<br>Wordwall платформасы арқылы<br>«Амандасып алайық»<br>Оқушылар бірі-бірімен сандары таңдау арқылы берілген суреттерге қарап, амандасады.<br><br>Кейіпкерлер бойындағы басты қасиеттеріне талдау жасайды.<br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Кейіпкер бойындағы басты қасиеттер мен олардың ұстанымдарын айтады.<br><br>Автордың тіл туралы ойларын, түсініктемесін оқи отырып, өз нұсқаларын жазады. | Талқылау кезінде оқушылардың айтылған пікірлері мен көзқарастары ***ауызша мадақтау*** арқылы бағаланып, сабақтың келесі кезеңінде белсенді қатысуына ынталандырады<br>*Жарайсың! Керемет шешім! Ойлы шешім! Мұндай ойлы пікірлерді ешқашан естімеппін!*<br><br>Дескриптор<br>Білім алушы<br>- үзінді бойынша өз нұсқасын жазады;<br>-шығармашылықпен орындайды | Оқулык 9-сынып «Атамұра» баспасы 2019жыл<br><br>Қалыптасты рушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы 9-сынып<br><br>Оқулык 9-сынып «Атамұра» баспасы 2019жыл |

<table>
<tr>
<td>8 минут<br><br>8 минут<br><br>Сабақтың аяқталуы<br>5 минут</td>
<td>
<table>
<tr><th>Ж. Баласағұнның ойы</th><th>Менің ойым</th></tr>
<tr><td>-Тіл қадірлі етер, ерге бақ қонар,<br>Қор қылар тіл, кететұғын бас болар;<br>-Тіл арыстан, есік баққан ашулы,<br>Үй иесі, сақтан, жұтар басыңды!<br>- Тіліңді бақ, басың аман болады,<br>Сөзді қысқа айт, жасың ұзақ болады</td><td>-Тіл қадірлі етер, .....<br><br>-Тіл арыстан.....<br><br>Тіліңді бақ.....</td></tr>
</table>
2-тапсырма<br>
Автордың адам бойындағы құндылықтарды не жоятыны туралы берген түсініктемесін оқи отырып, өз нұсқаңызды жазып көріңіз.
<table>
<tr><th>Жүсіп Баласағұнның ойы</th><th>Сенің ойың</th></tr>
<tr><td>- біріншісі – ақыл, оны ашулану, өшігу күңгірттендіреді</td><td>-біріншісі- ақыл,...</td></tr>
<tr><td>-екіншісі – достық, оны күншілдік бұзады</td><td>-екіншісі- достық,..</td></tr>
<tr><td>үшіншісі – ұят, оны тойымсыздық ашкөздік жояды,</td><td>-үшіншісі- ұят, ...</td></tr>
<tr><td>төртіншісі – жақсы тәрбие; оған нашар орта әсер етуі мүмкін</td><td>-төртіншісі- жақсы тәрбие, ...</td></tr>
<tr><td>бесіншісі – бақыт, ал оны қызғаншақтық бүлдіреді</td><td>-бесіншісі- бақыт, ...</td></tr>
</table>
3-тапсырма<br>
Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанының идеясын анықтаңыз. Ақын қолданған «тіл» сөзінің мағынасын ашыңыз.<br>
Шығарманың идеясы<br>
ТІЛ<br>
ТІЛ<br>
ТІЛ<br>
Жүсіп Баласағұн шығармасындағы ақынның ел басқарудағы әміршінің қадір-қасиетіне, мінез-құлқына, қоғамға деген көзқарасын анықтап, шығармадағы тақырыпты, ой үндестігін табыңыз, 2 сөйлеммен түйін сөз жазыңыз.<br>
Тақырып ой үндестігі түйін сөз<br>
Үйге: 5- тапсырма<br>
Рефлексия<br>
«Білім поштасы»<br>
1.Менің ойымша...<br>
2.Себебі...<br>
3.Мысалы...<br>
4.Қорыта айтқанда...
</td>
<td>Автордың адам бойындағы құндылықтарды не жоятыны туралы берген түсініктемесін оқи отырып, өз нұсқаларын жазады.<br><br></td>
<td>Дескриптор<br>Білім алушы<br>-автор түсініктемесін талдайды,<br>-өз нұсқасын жазады.<br><br>Берілген тапсырмалардың барлығына «ноутбук» арқылы өзін-өзі бағалау жүргізеді.<br><br><br><br>Дескриптор<br>Білім алушы<br>- ел басқарудағы әміршінің қадір-қасиетіне, мінез-құлқына, қоғамға деген көзқарасын анықтайды,<br>-тақырыпты анықтайды,<br>-ой үндестігін табады,<br>-түйін сөзді екі сөйлеммен жазады.</td>
<td></td>
</tr>
</table>

**Бекітемін__________**

**Қысқа мерзімді жоспар Қазақ әдебиеті 3-сабақ**

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | **І бөлім: «Атадан қалған асыл сөз»** | |
| **Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты :** | Өскенбаева Балнур | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 9** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Ж. Баласағұн "Құтты білік". Тарихи және көркемдік құндылығы | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | 9.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; | |
| **Сабақтың мақсаты** | Шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалай алады | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі// уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басталуы<br>5 минут<br><br>8 минут<br><br>10 минут<br><br>10 минут | **Ұйымдастыру кезеңі**<br>Амандасу. Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу.<br>**Психологиялық ахуал тудыру кубигі**<br>1.Амандас<br>2. Құшақтас<br>3.Тілек айт<br>4.Мақта<br>5.Күлкі сыйла<br>6.Би қимылдарын бірге қайтала<br><br>**Ой түрткі**<br>*Кітаптар көп арабша да, тәжікше,*<br>*Біздің тілде бұл жалғыз-ақ әзірше.*<br>*Тек білікті білер мұның түйінін,*<br>*Ақылды ұзақ ақыл-ойдың қиынын.*<br>*Біл, түрікше жырмен жазып арнадым,*<br>*Дұға қылсаң, мені ұмытып қалмағын.*<br><br>Осы үзінді арқылы Жүсіп Баласағұн қандай ойын жеткізіп отыр? Бұл шығарманың басты ерекшелігі неде?<br><br>**1-тапсырма**<br>Берілген формула бойынша<br>Ж. Баласағұн "Құтты білік" дастанының тарихи құндылығына баға беріңіз.<br><br>1.Менің ойымша<br>2.Себебі мен оны былай түсіндіремін<br>3.Оны мен мына мысалдармен, фактілермен дәлелдей аламын<br>4.Осыған байланысты мен мынадай шешімге келдім<br><br>**2-тапсырма**<br>Ж. Баласағұн "Құтты білік" дастаны несімен құнды? | **Психологиялық ахуал тудыру кубигі** арқылы кубиктердегі<br>Тапсырмаларды бірге қайталап, оқушылар өз бойларына жағымды ахуал қалыптастырады.<br><br>Берілген формула бойынша<br>Ж. Баласағұн "Құтты білік" дастанының тарихи құндылығына баға береді.<br><br>Шығарманың көркемдік құндылығы туралы | Талқылау кезінде оқушылардың айтылған пікірлері мен көзқарастары ***ауызша мадақтау*** арқылы бағаланып, сабақтың келесі кезеңінде белсенді қатысуына ынталандырады<br>*Жарайсың! Керемет шешім! Ойлы шешім! Мұндай ойлы пікірлерді ешқашан естіменпін!*<br><br>Дескриптор<br>Білім алушы<br><br>*-өз ойын шаблонға сүйеніп жеткізеді*<br>*-шығарманың тарихи құндылығына баға береді*<br>*-өз ойын мысалдармен, фактілермен дәлелдейді;*<br>*-қорытынды жасайды*<br>*-шығарманың* | Оқулық 9-сынып «Атамұра» баспасы 2019жыл<br><br>Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы 9-сынып<br><br>Оқулық 9-сынып «Атамұра» баспасы 2019жыл |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 минут<br><br><br><br>Сабақтың аяқталуы<br>5 минут | Шығарманың көркемдік құндылығы туралы ойыңызды 5-6 сөйлеммен сабақтап, нақты 2 мысал келтіріңіз.<br>**3-тапсырма**<br>Ж. Баласағұн "Құтты білік" дастаны несімен ерекше? 3 ерекшелігін жазыңыз.<br><br>**Үйге: 10-тапсырма**<br>**Рефлексия**<br>**«Ақылды үкілер»**<br><br>Сабақты түсіндім, әлі де үйренерім көп.<br><br>Мен бәрін түсіндім, Сабақ өте қызықты болды.<br><br>Сабақ қызықсыз өтті, ешнәрсе түсінбедім. | ойларын 5-6 сөйлеммен сабақтап, нақты 2 мысал келтіреді. 3 ерекшелігін атап көрсетеді.<br><br><br>Оқушылар бүгінгі сабақта не түсінгенін, сабақтың қызықты болғандығы немесе қызықсыз болғандығы жөнінде «Ақылды үкілер» әдісі арқылы рефлексия жасайды. | *көркемдік құндылығын анықтайды*<br>*-өз ойын нақты 2 мысалмен дәлелдейді*<br>*-ойын 5-6 сөйлеммен жинақы жеткізеді*<br><br>***Жеке жұмысты бағалау***<br>***Алшы*** *–* *(9-10 балл)*<br>***Тәйке*** *(тауа) – (7-8 балл)*<br>***Бүге*** *(бүк) – (4-6 балл)*<br>***Шіге*** *(шік) – (1-4 балл)* | |

**Бекітемін__________**

**Қысқа мерзімді жоспар        Қазақ әдебиеті  4-сабақ**

| **Бөлім:** | **І бөлім: «Атадан қалған асыл сөз»** | |
|---|---|---|
| **Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты :** | Өскенбаева Балнур | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 9** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Шешендік өнер. Майқы бидің шешендік сөздері. | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | 9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау; | |
| **Сабақтың мақсаты** | Шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасап, оқиға желілерін баяндауда өз ойларын тұжырымдай алады. | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі// уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басталуы<br>5 минут<br><br>Сабақтың ортасы<br>8 минут<br><br>9 минут<br><br>8 минут | 1.Сәлемдесу<br>2. **Психологиялық ахуал**<br>Оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлері айтылады.<br>**Ой түрткі**<br>**1-топ:**<br>Кестені пайдаланып, шешенге тән қасиеттерді санамалап айту.<br><br>**2-топ.** Төмендегі кестені пайдаланып, шешендік өнердің жанрлық белгілеріне тоқталады .<br><br>1. Қазақ шешендік өнерінің алғашқы кезеңінің өкілдері кімдер? Олар туралы не білесіңдер?<br>2. Майқы биден қандай нақыл сөздер қалған? 3. Шешендік өнер XIV ғасырда кімдердің есімдерімен жалғасып, өркендей түсті?<br>4.Майқы би қандай даналықтарға сүйене сөйлеген?<br>5. Халық арасында кеңінен таралған «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» дейтін қанатты сөздің мағынасы неде? | **Психологиялық ахуал**<br>-Салем достым! (амандасады)<br>-Сен қалайсың? (иықтарынан қағады)<br>-Қайда болдың? (құлақтарынан тартады)<br>-Мен сені сағындым! (қолдарын жүректеріне қояды)<br>-Сен келдің! (қолдарын жаяды)<br>-Жақсы болды!(құшақтайды)<br><br>Оқушылар топ ішінде жұпқа бөлініп тапсырмаларды орындайды.<br><br>«Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» дейтін қанатты сөз арқылы атадан балаға аты жетіп келе жатқан Майқы би бабамыз түйінді дана сөздің де, би біткеннің де алғашқысы болса керек. Майқы би айтыпты дейтін, ел есінде сақталып, мақал, нақылға айналып кеткен аталы сөздерден адамгершілік, арнамыс, ел бірлігін сақтау самалы есіп тұрады. Ондай ойлы, сары алтындай салмақты сөздердің көбісі өз тұсындағы хандарға, би, | Талқылау кезінде оқушылардың айтылған пікірлері мен көзқарастары ***ауызша мадақтау*** арқылы бағаланып, сабақтың келесі кезеңінде белсенді қатысуына ынталандырады<br>*Жарайсың! Керемет шешім! Ойлы шешім! Мұндай ойлы пікірлерді ешқашан естімеппін!*<br><br>Дескриптор<br>Білім алушы<br>*-Сюжеттік желіні анықтайды*<br>*1.Оқиғаның басталуы*<br>*2. Оқиғаның дамуы*<br>*3.Оқиғаның байланысуы*<br>*4.Оқиғаның шиеленісуі*<br>*5.Оқиғаның шарықтау шегі*<br>*6.Оқиғаның шешімі* | Оқулық 9-сынып «Атамұра» баспасы 2019жыл<br><br>Қалыптасты рушы бағалауға арналған тапсырма лар жинағы 9-сынып<br><br>Оқулық 9-сынып «Атамұра» баспасы 2019жыл |

<table>
<tr>
<td>10 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Сабақтың<br>аяқталуы<br>5 минут</td>
<td>« Әдеби шеңбер» Мұғалім топ мүшелеріне Майқы би мен Мөңке бидің шешендік сөздері. Әнет баба «Не арсыз, не ғайып, не даусыз...» шешендік әңгімелерін таратады.<br>1-жұп. Мәтінге қысқаша шолу жасайды. Мәтіннен тірек сөздерді теріп жазады.<br>2-жұп. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырады.<br>3-жұп. 1-оқушының жауабына, 2-оқушының сұрақтарына сараптама жасайды. Нәтижесінде шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектеріне талдау жасайды.<br>1-топ. «Майқы биден қалған нақыл сөздер»<br>2-топ. Мөңке би «Ақырзаман адамы»<br>3-топ.«Абыз Әнет баба»<br>Жұптық жұмыс:<br>Оқиғаның басталуы ______________<br>Оқиғаның дамуы________________<br>Оқиғаның байланысуы ___________<br>Оқиғаның шиеленісуі __________<br>Оқиғаның шарықтау шегі _______<br>Оқиғаның шешімі _____________<br><br>Тапсырма<br>Майқы би туралы не білдіңдер? Ол қандай адам екен?<br>2. Хрестоматияда берілген «Майқы би мен Алаша хан»<br>туралы аңызда қандай оқиға орын алған?<br>3. Алаша хан елін жүздерге қалай бөледі?<br>Үйге: 4-тапсырма<br><br>Рефлексия<br>«ҚҚҚ» кестесі
<table>
<tr><th>Қызық болған 1 нәрсе</th><th>Қиын болған 1 нәрсе</th><th>Құнды болған 1 нәрсе</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>бектерге бағыштай айтылғаны да аңғарылады.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br><br><br><br><br><br><br>Бүнгі сабақ бойынша алған білімдеріне «ҚҚҚ» кестесі арқылы рефлексия жасайды.</td>
<td>Берілген тапсырмалар дың барлығына «ұялы телефон» арқылы өзін-өзі бағалау жүргізеді.</td>
<td></td>
</tr>
</table>

**Бекітемін__________**

**Қысқа мерзімді жоспар Қазақ әдебиеті 5-сабақ**

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | **І бөлім: «Атадан қалған асыл сөз»** | |
| **Педагогтің Тегі, Аты, Әкесінің аты :** | Өскенбаева Балнур | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 9** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Шешендік өнер: Мөңке бидің шешендік сөздері | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | 9.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру; | |
| **Сабақтың мақсаты** | Шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға бере алады. | |

**Сабақтың барысы**

<table>
<tr><th>Сабақтың кезеңі// уақыты</th><th>Педагогтің әрекеті</th><th>Оқушының әрекеті</th><th>Бағалау</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr>
<td>Сабақтың басталуы<br>5 минут<br><br>Сабақтың ортасы<br>5 минут<br><br>9 минут<br><br>10 минут</td>
<td>1.Сәлемдесу<br>2. Психологиялық ахуал<br>«Әдемі ойлай және демала біл» жаттығуы<br><br>Оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлері айтылады.<br><br>Ой түрткі<br>«ББҮ» кестесі<br>Мөңке би туралы не білесіңдер? Кестенің бірінші бөлігіне білетін ақпараттарыңды жинақтаңдар. Кестенің екінші бөлігіне не білгілерің жөнінде жазыңдар.
<table>
<tr><td>Білемін</td><td>Білгім келеді</td><td>Үйрендім</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
1-тапсырма<br>Шығарманың көркемдік тіліне талдау жүргізіңіз
<table>
<tr><td>Өлеңнен мысал</td><td>Көркем дік сипаты</td><td>Идеяны ашудағы орны</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
2-тапсырма<br>1.Ақынның замана өзгерістерін суреттеудегі тілдік қолданысына талдау жасаңыз.<br><br>2. Автор қандай көркемдік құралдарды пайдаланды?<br>3.Мөңке би шешендік сөздерінің көркемдік ерекшеліктеріне баға беріңіз.</td>
<td>Психологиялық ахуал<br>«Әдемі ойлай және демала біл» жаттығуы<br>- Жүргізуші: «Толқыған кезде, асықпай дем алуға үйрен. Түзу отыр, қолдарыңды тізелеріңе салып, көздеріңді жұмыңдар, терең дем алыңдар:<br>- Ойша: «Мен арыстанмын»,- деп деміңді ішке ал, сыртқа шығар;<br>- Дауыстап: «Мен құспын»,- деп деміңді ішке ал, сыртқа шығар;<br>- Дауыстап: «Мен гүлмін»,- деп деміңді ішке ал, сыртқа шығар;<br>- Дауыстап: «Мен сабырлымын»,- деп деміңді шығар. Сен сабырлысың, сенің қолыңнан бәрі келеді».<br><br>«ББҮ» кестесі бойынша Мөңке би жөнінде білетін ақпараттарын жинақтайды.<br><br>Шығарманың көркемдік тіліне талдау жүргізеді.<br><br>Ақынның замана өзгерістерін суреттеудегі тілдік қолданысына талдау жасайды. Мөңке би сөздерінің көркемдік ерекшеліктерін анықтап, баға береді.</td>
<td>Талқылау кезінде оқушылардың айтылған пікірлері мен көзқарастары ауызша мадақтау арқылы бағаланып, сабақтың келесі кезеңінде белсенді қатысуына ынталандырады<br>Жарайсың! Керемет шешім! Ойлы шешім! Мұндай ойлы пікірлерді ешқашан естімеппін!<br><br>Дескриптор<br>Білім алушы<br>-көркемдегіш құралдарды анықтайды;<br>-идеяны ашудағы орнын талдайды,<br>-автор стиліне пікір білдіреді.<br><br>Дескриптор<br>Білім алушы<br>-троп пен фигура</td>
<td>Оқулық 9-сынып «Атамұра» баспасы 2019жыл<br><br>Қалыптасты рушы бағалауға арналған тапсырма лар жинағы 9-сынып<br><br>Оқулық 9-сынып «Атамұра» баспасы 2019жыл</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>6 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>5 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Сабақтың аяқталуы<br>5 минут</td>
<td>3-тапсырма<br>«Синквейн» стратегиясын қолданып, Мөңке би образына бес жолды өлең құрастырыңдар.<br>Бірінші жол – тақырып-бір сөзбен беріледі (зат есім)<br>Екінші жол – тақырыпты екі сөзбен сипаттау (сын есім)<br>Үшінші жол – тақырыпқа қатысты қимыл атауынан үш сөз жазу (етістік)<br>Төртінші жол – төрт сөзден тұратын сөйлем құрастыру.<br>Бесінші жол – тақырып мәнін ашатын бір синоним сөз<br><br>Қорытындылау<br>«ББҮ» кестесі<br>Кестенің үшінші бөлігіне бүгін не үйренгендерің жөнінде жазыңдар.<br>
<table>
<tr><td>Білемін</td><td>Білгім келеді</td><td>Үйрендім</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
<br>Үйге: 7-тапсырма<br>Рефлексия<br>

</td>
<td>Синквейн» стратегиясын қолданып, Мөңке би образына бес жолды өлең құрастырады.<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Кестенің үшінші бөлігіне бүгін не үйренгендігі жөнінде жазады.<br><br><br><br><br><br><br>Рефлексия кезінде «Өзін-өзі бағалау» парағы арқылы сабақтан қандай әсер алғанын, қандай жаңа нәрсе үйренгенін немесе не түсінбегенін, қандай кедергі болғанын жеткізеді.</td>
<td>түрлерін анықтайды;<br>-автор стилін талдайды;<br>-автор стиліне баға береді.<br><br><br>Берілген тапсырмалар дың барлығына «ұялы телефон» арқылы өзін-өзі бағалау жүргізеді.<br>
</td>
<td></td>
</tr>
</table>

**Бекітемін__________**

**Қысқа мерзімді жоспар       Қазақ әдебиеті  6-сабақ**

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | **І бөлім: «Атадан қалған асыл сөз»** | |
| **Педагогтің  Тегі, Аты, Әкесінің аты :** | Өскенбаева Балнур | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып:   9** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Әнет баба "Не арсыз? Не ғайып? Не даусыз?" | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | 9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау;<br>9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау; | |
| **Сабақтың  мақсаты** | Әдеби шығармадағы психологизмді анықтай алады,    автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасай алады. | |

<table>
<tr><th colspan="5">Сабақтың барысы</th></tr>
<tr><th>Сабақтың кезеңі// уақыты</th><th>Педагогтің әрекеті</th><th>Оқушының әрекеті</th><th>Бағалау</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr>
<td>Сабақтың басталуы<br>5 минут<br><br>Сабақтың ортасы<br>7  минут<br><br>7  минут</td>
<td>1.Сәлемдесу<br>2.  <u>Психологиялық көңіл күй тудыру және сыныпты топтарға біріктіру</u><br>«Түстер психологиясы» әдісі арқылы сыныпты 4 топқа біріктіремін.<br><br>Ой түрткі<br>Әнет баба турады оңай және қиын сұрақтар кестесін құрыңдар. Оңай сұрақтар дегеніміз – жауабы бар сауалдар, қиын сұрақтар – өзіндік тұрғыдан жауап беруге бағытталған сауалдар.
<table><tr><th>Оңай сұрақтар</th><th>Қиын сұрақтар</th></tr><tr><td></td><td></td></tr></table>
1-тапсырма<br>Төмендегі кестені пайдалана отырып, ажал, қонақ несібе  сөздеріне сипаттама беріңдер. Әнет бабаның неліктен  бұл үшеуін ғайып  деп атағандығын талдап түсіндіріңдер.</td>
<td>Психологиялық ахуал<br>Көк түс – жан тыныштығын, молшылықты, татулықты білдіреді. Ол адамдар мен қоғамды байланыстыратын негізгі дәнекер іспетті, бірлік, көпшілдік сезімнің, сенімнің түсі. Сондай–ақ, көк  түсті ұнататындар өкпелегіш, сары уайымға салынғыш болып келеді. Әсіресе, көк түсті молшылықтың нышаны болғандықтан толықтау келген адамдар ұнатады. Көк түсті таңдағандар – тыныш ортаны, мазасыздық пен сотқарлықтан, келіспеушіліктен алыс болуды қалайтындар. Олар бір-біріне деген сенімді қалайды және өзгелердің де оларға сенуіне әбден болады. Оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлері айтылады.<br>Сары түс – жеңілдік пен қуанышты, сабырсыздықты, нұр сәулені білдіреді. Қуаныштың, күн шапағатының нышаны. Сары түс адамды болашаққа бағыттайды, жаңалыққа талпындырады, заманауилыққа, дамушылыққа құштар етеді. Бұл түсті таңдаған кез келген адам қиындықты тезірек жеңуге  құлшынып, тезірек босап шығудың амалын іздеп тұрады. Өзгерісті жиі қалап тұрады, сары түске құмар адамға тұрақсыздық тән<br>Қызыл түс адамның энергияға толы екенін көрсетеді. Өмірлік күшті, белсенділікті, нәтиже, сәттілікке қол жеткізу үшін барлық мүмкін болған талпынысты, бейімділікті, албырттықты, жеңіске деген жігерді, құлшынысты білдіреді. Бұл түсті таңдағандар - кез келген</td>
<td>Талқылау кезінде оқушылардың айтылған пікірлері мен көзқарастары ауызша мадақтау арқылы бағаланып, сабақтың келесі кезеңінде белсенді қатысуына ынталандырады<br>Жарайсың! Керемет шешім! Ойлы шешім! Мұндай ойлы пікірлерді ешқашан естімеппін!<br>Дескриптор<br>Білім алушы<br>-сұрақтар кестесін құрады,<br>-оңай сұрақтар құрастырады,<br>-қиын сұрақтар құрастырады,<br>-кестені пайдаланып, берілген сөздерге сипаттама береді,<br>-берілген сөздердің аталу себебін талдайды.</td>
<td>Оқулық 9-сынып «Атамұра» баспасы 2019жыл<br><br>Қалыптасты рушы бағалауға арналған тапсырма лар жинағы 9-сынып</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Ажал қандай? → Қонақ қандай? → Несібе қандай?<br>мезгілсіз ажал... \| құдайы қонақ... \| бұйырған несібе... | *қиындыққа мойынсұнбайтын, күрескер, батыл адамдар*<br>***Жасыл түс*** *– еркіндікке деген жігерлікті, табандылықты, мақсаткерлікті, өзімшілдікті, «Мен» деп өзіне жоғары баға берушілікті білдіреді. Бұл түсті таңдағандар – өзінің құндылығына деген сенімді жоғарылатқысы келетіндер, айналасындағы адамдардан мақтаулар, жақсы пікірлер күтетін адмадар. Сондай-ақ, бұл түс тәкаппарлықтың нышаны.* | | |
| 7 минут<br><br><br><br><br><br>7 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>7 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Сабақтың аяқталуы<br>5 минут | **2-тапсырма**<br>Мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер мен шешендік сөздерді пайдалана отырып, *жан тәтті, мал тәтті, бала тәтті* деген ұғымдарды дәлелдеңдер. Қайсысы ең маңызды деп ойлайсыңдар?<br>**3-тапсырма**<br>Әнет бабаның шешендік сөздеріндегі автордың өзіндік көзқарасын анықтап, шешендік сөздеріндегі ортақ тақырыпты, ой үндестігін табыңдар. 2 сөйлеммен түйін сөз жазыңдар.<br><br>**Қорытындылау**<br>1.Әнет баба кім?<br>2. «Не ғайып? Не арсыз? Не даусыз?» атты шешендік сөзде не туралы айтылған?<br>3. Әнет бабаға қандай сұрақтар қойылып жатты?<br>4.Әнет баба қалай жауап берген екен?<br>5.Әнет баба туралы шешендік сөздерде қазақ халқының қандай салт-дәстүрлері көрініс тапқан?<br>Мысал келтіріңдер.<br>6.Әнет баба үш тәтті, үш күшті, үш жаманға шешендік сөзде аталғандарды жатқызуының себебі неде? Түсіндіріңдер.<br>**Үйге: 3-тапсырма**<br><br>**Рефлексия**<br><br>«Аяқталмаған сөйлем» әдісі.<br><br>Мен сабақта ............ қиналдым, себебі ......................<br>Маған сабақта ............... ұнады, себебі ......................<br>Маған .......................... оңай болды, себебі ................<br>Мен бүгін ................. әсерде болдым, себебі ............. | Мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер мен шешендік сөздерді пайдалана отырып, *жан тәтті, мал тәтті, бала тәтті* деген ұғымдарды дәлелдейді.<br><br><br>Әнет бабаның шешендік сөздеріндегі автордың өзіндік көзқарасын анықтайды, шешендік сөздеріндегі ортақ тақырыпты, ой үндестігін табады. Екі сөйлеммен түйін сөз жазады.<br><br><br>Қорытындылау кезеңінде өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтарға жауап береді.<br><br><br><br><br><br><br>«Аяқталмаған сөйлем» әдісі бойынша сабақта неден қиналғанын, сабақтың бөлігі оңай болғанын, ұнағанын, қандай әсерде болғандығы жайлы айтып, рефлексия жасайды. | Дескриптор<br>Білім алушы<br>*-мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер мен шешендік сөздерді қолданады,*<br>*-берілген ұғымдарды дәлелдейді,*<br>*-ең маңыздысын атайды,*<br>*-автордың көзқарасын анықтайды,*<br>*-ортақ тақырыпты, ойүндестігін анықтайды.*<br>*-екі сөйеммен ой түйінін жазады.*<br>Берілген тапсырмалардың барлығына **«ұялы телефон»** арқылы өзін-өзі бағалау жүргізеді.<br> | Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы 9-сынып<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Оқулық<br>9-сынып<br>«Атамұра» баспасы 2019жыл |

**Бекітемін:_________ Қысқа мерзімді жоспар Қазақ әдебиеті 7-сабақ**

| **Бөлім:** | **І бөлім: «Атадан қалған асыл сөз»** | |
|---|---|---|
| **Педагогтің Тегі, Аты, Әкесінің аты :** | Өскенбаева Балнур | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 9** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Төле би "Ердің бақыты –әйел" | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | 9.1.3. 1 - көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау. | |
| **Сабақтың мақсаты** | Шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтауда өз көзқарасын білдіре алады. | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі// уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басталуы<br>6 минут<br><br>Сабақтың ортасы<br>10 минут<br><br>8 минут | Сәлемдесу<br>**Ширату жаттығулары**<br>**«Құпия зат» әдісі** арқылы оқушыларға сурет көрсетіледі. Олардың мәнін ашып және сабақпен қандай байланысы бар екені сұралады.<br>Суреттер: Төле би, қарлығаш, әйел бейнесі.<br>  <br>**Топқа бөлу**<br>Төле бидің нақыл сөздері тармақтарға бөлініп, оқушыларға ұсынылады. Оқушылар өлеңнің тармағы арқылы шумақ құрастырып, үш топқа бөлінеді. Оқушылар жауаптары тыңдалады, сабақтың мақсаты мен бағалау критерийі таныстырылады.<br>**Топтық жұмыс**<br>**1-тапсырма**<br>«Ердің бақыты – әйел» мәтінін мұқият оқып шығыңдар. Берілген сұрақтарға жауап беріңдер.<br>Wordwall платформасы<br>1.Бидің «ұлыма келінді өзім таңдап беремін» деуінің себебі неде?<br>2.Данагүлдің қандай әрекеті Төле бидің ризашылығын тудырды?<br>3.Төле би жолда келе жатып қандай оқиғаға тап болды?<br>4. Данагүл Төле бидің жұмбағын қалай шешті?<br>5.Қалың қол қарақшыларды қалай ұстады?<br>6.Оқиғаның соңы немен аяқталды?<br>**Бейнекөрініс «Төле бидің жұмбағы»**<br>**2-тапсырма**<br>**Жұптық жұмыс** | **«Құпия зат» әдісі** арқылы оқушылар суреттердің мәнін ашып және сабақпен қандай байланысы бар екені айтып береді.<br>Оқушылар үш топқа бөлінеді.<br>І топ: Төле би<br>ІІ топ: Қарлығаш<br>ІІІ топ: Данагүл<br><br>Әр топ өздеріне берілген әңгіменің бөлігін оқып шығады. Мәтін мазмұнына, идеясына қатысты сұрақтарға Wordwall платформасы арқылы жауап береді<br><br>Мәтіндегі кейіпкерлер бейнесін анықтайды. Мәтіннен мысал келтіреді. | Талқылау кезінде оқушылардың айтылған пікірлері мен көзқарастары ***ауызша мадақтау*** арқылы бағаланып, сабақтың келесі кезеңінде белсенді қатысуына ынталандырады<br>*Жарайсың! Керемет шешім! Ойлы шешім! Мұндай ойлы пікірлерді ешқашан естімеппін!*<br>Өзара топтық бағалау<br>1-топ: Ертегі құрастыру арқылы бағалайды.<br>2-топ: Алғыс хат беру арқылы бағалайды.<br>3-топ: Келесі топқа “SMS” жазу арқылы бағалайды.<br><br>Дескриптор<br>Білім алушы<br>*-шығарма сюжеті арқылы кейіпкерлерді анықтайды,*<br>*-кейіпкердің шығармадағы* | Оқулық 9-сынып «Атамұра» баспасы 2019жыл<br><br>Қалыптасты рушы бағалауға арналған тапсырма лар жинағы 9-сынып<br><br>Оқулық 9-сынып «Атамұра» баспасы 2019жыл<br><br>https://wordwall.net/ru/resource/52307500 |

<table>
<tr>
<td>8 минут<br><br>8 минут<br><br>Сабақтың аяқталуы<br>5 минут</td>
<td>
Мәтіндегі кейіпкерлер бейнесін анықтаңыз.
<table>
<tr><td>Кейіпкерлер</td><td>Кейіпкер бейнесі</td><td>Мәтіннен мысал</td></tr>
<tr><td>Төле би</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Данагүл</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Алакөз</td><td></td><td></td></tr>
</table>
Кері байланыс: Тапсырманы орындау барысында не қиын болды? Ең пайдалысы не болды?<br>
3-тапсырма<br>
Жеке жұмыс<br>
Мәтінде кездесетін 3 кейіпкерді атап, байқалған басты құндылықтарды анықтаңыз. «Кейіпкер кестесін» толтырыңыз
<table>
<tr><td>Шығарма кейіпкерлері</td><td>Кейіпкерлер өміріндегі құндылықтар</td><td>Менің ойым</td></tr>
<tr><td>Төле би</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Данагүл</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Алакөз</td><td></td><td></td></tr>
</table>
Төле бидің: «Құлақ пен таңдай бергенім, айттырмай біліп, өсиетімді жұртқа жайып жүретін балам бол, міне»,-деп Данагүлге құлақ пен таңдай ұсынуының мәні неде?<br>
4-тапсырма<br>
Жеке жұмыс<br>
Кейіпкерлерді қазіргі замандағы өз кейіпкеріңізбен салыстырыңыз.
<table>
<tr><td>Төле би</td><td>Қазіргі замандағы кейіпкер</td><td>Данагүл</td><td>Қазіргі замандағы кейіпкер</td></tr>
<tr><td colspan="2">ұқсастық</td><td colspan="2">ұқсастық</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="2">айырмашылық</td><td colspan="2">айырмашылық</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Рефлексия<br>


</td>
<td>Мәтінде кездесетін 3 кейіпкерді атап, байқалған басты құндылықтарды анықтайды. «Кейіпкер кестесін» толтырады.<br><br>Кейіпкерлерді қазіргі замандағы өз кейіпкерлерімен салыстырады.<br><br>Рефлексия кезінде «Өзін-өзі бағалау» парағы арқылы сабақтан қандай әсер алғанын, қандай жаңа нәрсе үйренгенін немесе не түсінбегенін, қандай кедергі болғанын жеткізеді.</td>
<td>бейнесін сипаттайды,<br>-эпизодтардан мысал келтіреді,<br>-3 кейіпкерді атайды<br>-басты құндылықтарды анықтайды<br>- ойын білдіреді<br>-Төле бидің сөзінің мәнін анықтайды,<br>-ойын жинақы жеткізеді<br><br>Дескриптор<br>Білім алушы<br><br>-кейіпкерлер бойындағы қасиеттер мен ерекшеліктерді анықтайды;<br>-кейіпкерлер жүйесін салыстыра талдайды.<br><br>Жеке жұмысты бағалау<br>Алшы – (9-10 балл)<br>Тәйке (7-8 балл)<br>Бүге (4-6 балл)<br>Шіге (шік) – (1-4 балл)<br><br>Формативті бағалау<br>10 балдық жүйемен</td>
<td></td>
</tr>
</table>

**Бекітемін: _____________** **Қысқа мерзімді жоспар** **Қазақ әдебиеті 8-сабақ**

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | **І бөлім: «Атадан қалған асыл сөз»** | |
| **Педагогтің Тегі, Аты, Әкесінің аты :** | Өскенбаева Балнур | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 9** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Төле би "Ердің бақыты –әйел" | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | 9.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу | |
| **Сабақтың мақсаты** | Автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жаза алады. | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі// уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басталуы<br>5 минут<br><br>Сабақтың ортасы<br>6 минут<br><br>9 минут<br><br>20 минут | Сәлемдесу<br>**Психологиялық ахуал**<br>«Жүректі тазарту»<br>Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсаттарын хабарлайды. Бағалау критерийлерімен таныстырады.<br>**Үй тапсырмасын сұрау**<br>**1-тапсырма**<br>1.Төле би неліктен «Қарлығаш әулие» атанған?<br>2. Төле бидің қандай шешендік сөздерін білесіңдер?<br>3.«Ердің бақыты –әйел» шешендік сөзінде Төле би баласына әйел таңдау себебін қалай түсіндіреді? Қандай дәлелдер келтіреді?<br>4 Данагүлдің қандай әрекеті Төле бидің ризашылығын тудырды?<br>5.Данагүлдің даналығы қандай эпизодтан байқалады?<br>6.Қазақтың тарихында Данагүл сияқты ақылымен ерекшеленген қандай қыз-келіншектерді білесіңдер?<br>**1-тапсырма**<br>Автор стиліне сүйене отырып, үзіндіні әрі қарай өз шығармашылығыңызбен жалғастырыңыз. (Өлең немесе қарасөз түрінде)<br>*«Би бол, би болмасаң, би түсетін үй бол» деген. Би түскендей үй болу – әйелден. Ол әйелді халық та жақсы көреді, кембағал, қайыршы да жақсы көреді...*<br>**2-тапсырма**<br>**Жеке жұмыс**<br>*«Балама әйелді өзім таңдап алып беремін. Малына, байлығына қызығып, ешкімне құда болмаймын. Келінді асықпай ел арасынан өзім іздеймін. Бұйрық болып, кездессе көрермін. Ырыс та, бақыт та, Қызыр да -әйелде. Әйел қызырлы болса, үйіңнен жақсы адам* | **«Жүректі тазарту»**<br>Оқушыларға таза парақшалар таратылады. Оған дәл қазіргі кездегі ойындағы кірбіңді, ренішті, қолайсыз көңіл күйді жазу ұсынылады. Жазып болған соң, қоқыс жәшігіне тастайды. Осылайша барлық жағымсыз көңіл күйден арылып, тазарған жүрекпен, көтеріңкі көңіл күймен сабақ басталады.<br><br>Өткен тақырыпқа қатысты сұрақтарға «Попкорн» әдісі бойынша жауап береді<br><br>Автор стиліне сүйене отырып, үзіндіні әрі қарай өз шығармашылығымен жалғастырады. Өлең немесе қарасөз түрінде) жазады. | Талқылау кезінде оқушылардың айтылған пікірлері мен көзқарастары ***ауызша мадақтау*** арқылы бағаланып, сабақтың келесі кезеңінде белсенді қатысуына ынталандырады<br>*Жарайсың! Керемет шешім! Ойлы шешім! Мұндай ойлы пікірлерді ешқашан естімеппін!*<br><br>Дескриптор<br>Білім алушы<br>*-үзіндіні жалғастыра ды,*<br>*-негізгі ойды сақтайды,*<br>*-автор стиліне сай жазады,*<br>*-шығармашы лық танытады.* | Оқулық 9-сынып «Атамұра» баспасы 2019жыл<br><br>Қалыптасты рушы бағалауға арналған тапсырма лар жинағы 9-сынып<br><br>Оқулық 9-сынып «Атамұра» баспасы 2019жыл |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
